

Бекітемін:

Бастауыш сыныптар жөніндегі
оқу ісінің орынбасары:



С.Мырзағалиева.

Наурыз айының I аптасының 28 - 4 аралығындағы шағын ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: « Табиғаттың гүлденуі »

Апталық тақырыбы: «Көктем жаршысы-құстар » (Наурыз 1-апта)

Мақсаты: Қоршаған орта, экологиялық мәдениет негіздері және табиғатқа ұқыпты қарау туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру, балалардың табиғат құндылығы және онда өзін ұстау тәртібі туралы білімін дамыту, балалардың табиғатпен араласудан жағымды тәжірибе алуы, көктемде барлық жаратылыстың көктейтіні туралы білімдерін қалыптастыру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі28.03.2022	Сейсенбі1.03.2022	Сәрсенбі2.03.2022	Бейсенбі3.03.2022	Жұма4.03.2022
Балаларды қабылдау.Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балалардың дене температурасын өлшеп, көңіл-күйлерін сұрау. Әрбір ата-анаға денсаулық сауалнамасын толтырту жұмыстарын жүргізу. (Коммуникативтілік)				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	<i>Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Қатесін тап» Тақтаға ілінген суретпен жұмыс.Смарт мақсаты: Ойлау қабілеті артады. 4К Модель. Сыни ойлау,бала үні)</i>	Педагог жетекшілігімен ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа, дәлдікке үйренеді. 4К Модель.	Еркін ойын 4 К Модель Өз қалаған ойыншықтарымен ойнату	«Тазалыққа не қажет?»№2 Мақсаты: тазалық құралдарымен ,оларды неге қажет екендігін әңгімелейді.	<i>Құрылымдалған ойын: «Бұл қандай киім?» №20 Мақсаты: Әр киімнің қай уақытта киілетінін айыра отырып оларды сипаттайды. 4 К Модель</i>
Жаттығулар кешені. (Жан-жақты дамытушы жаттығуы)					
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Қай қолымда көп» (4К Модель.)				

Ұйымдастырыл- ған оқу қызметтері	Дене шынықтыру 1. Негізгі қимыл: «Еңбектеп жүру. С/Мақсаты: Гимнастикалық орындық үстімен жүреді. Еңбектеп жүруді орындайды. Допты бастан асырып, екі қолмен лақтыра алады. Жаратылыстану Тақырыбы: Көрікті көктем» С/Мақсаты: көктем мезгілінің өзіне тән сипаттық белгілерімен, құстар мен жабайы жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістермен танысады. Күтілетін нәтиже: Көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы түсінігі қалыптасты Шаттық шеңберіне тұру. Арайлап таң атты, күн сәулесін таратты жарқырайды қаламыз жарқырай түс, даламыз қайырлы таң! Қайырлы таң қонақтар (Шеңберге тұрады өлең жолына сәйкес қимылдар жасайды) Мен қазір сіздерге жұмбақ жасырамын. Мұқият тыңдап алыңдар. Қар еріп, су көбейіп, сай салаға ағады! Ағам басы бүршік шашып,	Музыка Тақырыбы: «"Көңілді торғай". С/мақсаты: музыканың әртүрлі қарқыны мен ырғағын ажырата алады. Ырғақтық қимылдарды музыка сипатына сай үйлесімді жасайды. Ән тыңдау: «Воробей» (балалар мультигінен) Ән айту: Муз – ырғақты қимыл	Дене шынықтыру 2. Негізгі қимыл: «Бір орында тұрып ұзындыққа секіру.» С/Мақсаты: Бір орында тұрып, ұзындыққа секіреді. Тепе-теңдікті сақтай алады. . Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Қарлығаш» туралы тақпақ жаттау. С/Мақсаты: жыл құсы қарлығаш туралы көркем сөзбен танысады. Қарлығаштың тіршілігі жөнінде әңгімелеп айта алады. Тәрбиеші балаларды топқа бір қатармен кіргізіп, шеңбер құралаы. - Балалар айналаға қараңдаршы, тобымыз бүгін ерекше безендірілген, гүлге толы, - деп топқа назарларын аударып, көңіл-күйлерін көтереді. - Балалар қараңдаршы, бізге көптеген қонақтар келген екен, қане шаттық шеңберін құрып, келген қонақтармен амандасайықшы. Жылулық шеңбері: Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң қонақтар! Қайырлы таң апайлар! - Жарайсыңдар балалар, енді орындарымызға отырайық.	Сурет салу Тақырыбы: «Анама арналған моншақтар».(заттық с/с)С/Мақсаты: Моншақты сәндік бұйым екендігін ажыратады. Дөңгелек болып сызылған жіпке гуашь бояумен бірдей көлемде дөңгелек моншақтардың суретін салады Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру, салдыру. Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар: моншақ туралы сергіту сәтін жаттату. Көрнекілігі: Моншақ суреті. Қажетті құрал-жабдықтар: Қағаздың түрлері, сурет дәптері, бояулар, қылқалам, сұрт кіштер. Сөздік жұмыс: Моншақ. Билингвальді компонент: ана-мама -mother. Қызығушылығын ояту кезеңі Ұйымдастыру кезеңі: Сәлеметсіңдер ме, балалар? Балалар мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Кәне барлығымыз шеңбер болып тұрып өлең жолдарын айтайық. Балалар Айсұлу қуыршақ қонаққа келді. -Қуыршақ Айсұлудың көйлегі қандай әдемі. Айсұлу өздігіне әдемі моншақ сатып алыпты, ал енді анасына да осындай әдемі	Математика негіздері Тақырыбы: Алдыңда – артында. Жуан - жіңішке» С/Мақсаты: заттарды қалыңдығы бойынша салыстырады, жуан (қалың) – жіңішке (жұқа); өз айналасында бағдарлайды. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы: Мотивациялық қозғаушылық: - Қане балалар, шаттық шеңберіне тұрайық. Бүгін біздің сабағымызға қонақ апайлар келіп отыр, алдымен амандасып алайық. Қане шеңбер құрайық Дөңгелеке тұрайық Үлкендерді құрметтеп Сәлемдесіп алайық. Жарайсыңдар балалар, орнымызға жайғасайық. Қызығушылық ояту: - Балалар жылдың неше мезгілі бар? - Жылдың төрт мезгілі бар. - Қазір жылдың қай мезгілі? - Қазір көктем мезгілі. - Әр мезгіл неше айдан тұрады? - Әр мезгіл үш айдан тұрады. - Қазір көктемнің нешінші айы? - Қазір көктемнің екінші айы.
---	--	---	---	--	--

жапырақ ашып, гүл бәйшешек толады. Балалар, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? Бұл көктем мезгілінде болады. Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады? Көктем мезгілінде күн жылынды. Қар еріп, жылғалардан су ақты. Туған жерге құстар ұшып келді. - Көктем мезгілінде қандай құстар ұшып келді? Ағаштар бүршік жарып, жапырақ жаяды. Жеміс ағаштары гүлдейді. - Қар ерігеннен кейін жер бетіне бәйшешек гүлі шығады. Жауқазын гүлі, қызғалдақ гүлдері шығады. - Көктем мезгілінде қандай алғашқы гүлдер шығады? Көктем мезгілінде егістік жерлерде қандай жұмыстар жүргізіледі? Егістікте тракторшылар жер жыртып, сеялкамен дән себеді. Есік қағылды. Топқа музыка әуенімен қонаққа Ару Көктем кіреді. Ару Көктем: - Сәлеметсіздер ме қонақтар, балалар! Мен көңілді көктеммін. Былтыр келіп кеткенмін. Қазір жылдың қай мезгілі?	Дене шынықтыру 3.Негізгі қимыл: . «Биік секіреміз» Мақсаты: сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап бағытты өзгертіп жүгіреді. Биіктіктен секіреді.	– Балалар өткен оқу қызметімізде үй құстарымен таныстық. -Қандай үй құстарын бар екен? Бүгін біз оқу қызметімізде дала құстармен танысамыз. -Қарға, көгершін, тоқылдақ, торғай. Дала құстары ағаш түбіндегі құрт-құмырскалармен қоректенеді. Ағаштың жайқалып, жақсы өсуіне, түрлі жәндіктерден тазаруына көмектеседі. -Балалар, қазір жылдың күз мезгілі. -Сендер бүгін балабақшаға келе жатқанда тондындар ма? -Иә, дұрыс айтасындар. Балалар күз мезгілінің тағы бір ерекшелігі күн суыта бастайды, құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Бүгін біз осы құстар әлеміне саяхат жасаймыз. Олай болса балалар сендермен бірге мен үй құстары мен дала құстарын ажыратып алайық. Құстардың дауысын естіп, қайталаймыз. Балалар құстарды бірге тамақтанадырайық. – Балалар, жарайсындар. Үй құстары мен дала құстарына қамқорлық жасап көрейікші. Құстарға сол себепті	моншақтар сыйлағысы келеді. Моншақ түрлері, түстері, пішіні қандай болатынын түсіндіреді. Балалар амандасады. Балалар шеңбер болып өлең жолдарын айтады. Жақсылық көрсен біреуден , «Мен қандаймын?» деп ойла. Жамандық көрсен біреуден, «Мен қандаймын?» деп ойла. Балалар қуыршақ Айсылудың киімдерінің әдемі екендігін айтады. Моншақтардың түстеріне, пішіндеріне қарап өз ойларын айтады. Іздену ұйымдастыру Балалар үлгіге қарап отырып жұмыс жүргізеді. Моншақтардың реті мен отырып тізілгенін көрсетеді. Балаларға үлестірмелі материалдағы салынған дөңгелек сызықты «моншақтың жібі» деп түсіндіріп, оған әдемі моншақтарды тізуді ұсынады. Оң қолдарына қылқаламды ұстатып, ауада шеңбер салу тәсілін орындатып жаттықтырады. Содан соң дәптерлеріне қарындашпен біркелкі дөңгелектерді салып сыртына шығармай бояйды. Сергіту сәті: Сыңғыр-сыңғыр моншақтар, Құлағында сырғалар,	- Көктемде қандай өзгерістер болады -? Көктемде күн жылынып, қар еріп, жылға - жылғалардан су ағалы, адамдар жұқа киіне бастайды, жылы жақтан құстар ұшып келеді, ағаштар бүршік жаралы, көктемнің алғашқы гүлі бәйшешек өсіп шығады. істер болады? Көктемде күн жылынып, қар еріп, жылға - жылғалардан су ағалы, адамдар жұқа киіне бастайды, жылы жақтан құстар ұшып келеді, ағаштар бүршік жаралы, көктемнің алғашқы гүлі бәйшешек өсіп шығады. 2. Ұйымдастырушылық - ізденістік - Балалар біз өткен сабақта не өттік, қане есімізге түсірейікші. Алдында - артында ұғымымен танысқан болатынбыз. Қане қайталайықшы. - Мына суретте, нелер бейнеленген? - Жемістер - Неше жеміс, санайықшы. - Үшеу - алма, алмұрт, өрік.. - Алмұрттың алдында не бейнеленген? - Алма. - Ал, алмұрттың артында не бейнеленген?
--	--	--	--	---

	- Қазір жылдың көктем мезгілі. - Көктем мезгілінің кай айы? Көктем мезгілінің наурыз айы. - Көктем айларын атаңдар - Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр - Мен сендерге құр қол келген жоқпын. Көптеген тапсырмалар әкелдім. Жұмбақтар айтады. - Таңмен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. Ол не? (Күн.) - Ағаш. - Жылт жылт етеді. Жылғадан өтеді. Ол не? (Су) - Қыста киімін тастайды, Көктем де киіне бастайды. Ол не? (Ағаш.) 2 тапсырма. - Кім жаңылтпаш біледі? Көктем күні шуақты, Көктем күні қуатты. Көктем күні шуақты, Сай - салат су ақты. Көктем күні күкіреп, Жаңбыр жауды сіркіреп. Көктем күні күрікіреп, Шыға келді қыр түлеп 3 тапсырма. Кім тыйым сөздер біледі? Құстарды атуға болмайды. Құстардың ұясын бұзуға болмайды. Қағаз ханшайымы: - Жарайсыңдар, балалар!		қамқорлық көрсетіп, ұя жасап, жем беруіміз керек. Ғажайып сәт: Құстың келуі. - Балалар қараңдаршы, бізге қонаққа қарға ұшып келді. «Ұшты-ұшты» ойыны. 1. Ұшты-ұшты қарға ұшты (ұшады) Ұшты-ұшты кітап ұшты (ұшпайды) 2. Ұшты-ұшты торғай ұшты (ұшады) Ұшты-ұшты машина ұшты (ұшпайды) 3. Ұшты-ұшты тоқылдақ ұшты (ұшады) Ұшты-ұшты қуыршақ ұшты (ұшпайды) Қонақты шығарып салу. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен боп өседі. - Жарайсыңдар, балалар біз қандай құстармен таныстық? - Біз ненің дауысын салдық? - Құстар немен тамақтанады екен? - Бізге қонаққа кай құс келді? Балалар, жарайсыңдар! Балаларды жеке-жеке мақтап, малақтау. (Бала үні	Оң қолында білезік. Сол қолында білезік Саусақтарла сакина, Санап көрші, кәнеки 1,2,3.....1,2,3, Сызыққа қарындашпен бірікелкі көлемде дөңгелектер салып алады. Содан соң қолдарына қылқаамды алып, мооншақтарды алып, мооншақтарды бояйды, ішін дөңгелете отырып, сыртын шығармай бояйды. Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды. Рефлексивті қорытындылау Тәрбиеші балаларға салған суреттерін көріп шығуды ұсынады. Қуыршақ Айсұлуга балалардың салған суреттері ұнағандығы, анасына қалған моншақтарды алатындығын айтып, рахмет айтып қайтады. Балалар салған суреттерін қарап, қандай моншақтар салғанын, қандай түспен бояғандарын айтуға тырысады. Қуыршақ Айсұлумен қоштасып, жұмыс орындарын жинастырады. Көркем әдебиет Тақырыбы: Ана (өлеңі) Өтебай Тұрманжанов	- Өрік. - Ал мынау кай ертегі? - Шалқан ертегісі? - Атаның артында кім тұр? - Атаның артында ап тұр. - Ал мысықтың алдында не тұр? - Мысықтың алдында күшік тұр. - Жаксы балалар өткен сабағымызды қайталадық. Бүгінгі біздің оқу қызметіміздің тақырыбы: Өртүрлі заттар тобын салыстыру және тенеу. Таңғажайып сәт: «Аю» - Балалар мен балабақшаға келе жатып, жолда мына аюды кездестірдім(ойыншық аюды көрсету). Қолында өзімен хат ала келіпті. Мен хатты оқып берейін, сендер мұхият тыңдаңдар! Сәлеметсіңдер ме балалар! Мен орманда құлпынай теріп жүріп, адасып қалдым. Сендер менің өз апанымды табуға көмектесесіңдер ме? Маған апанымды табуға көмектессеңдер, менің сендерге арнаған сыйым бар. - Қалай, оған көмектесеміз бе? - Иә. - Аюға көмектесу үшін біз таным еліне саяхатқа барамыз. Ол үшін біз бірнеше аялдамадан өтеміз. Бірінші аялдама: Педагог жетекшіЗлЗгЗмен ойын:
--	--	--	---	--	---

Рахмет! Сендер өте ақылды, Білімді балалар екенсіңдер. Сергіту сәті: Күн болып жанайық. Су болып ағайық. Терең – терең демалып, Жүгіріп, жүгіріп алайық. Енді маған қиынды пішіндерден көктемде өсетін қызғалдақ гүлін құрастырып жапсырайық. Қызғалдақ гүлінің үлгі суретін тақтаға іледі. « «Қызғалдақ гүлін құрастыра отырып жапсырамыз». 1) сабағын 2) күлтешесін 3) төменнен жоғарыға қарай жапырағын жапсырамыз. Балалардың өз бетімен жұмыстар. Балалардың жұмыстарын мадақтау. - Бүгін бізде қандай оқу іс - әрекеті болды? - Оқу іс – әрекеті ұнады ма? Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Аналар мерекесі» Мақсаты: аналар мерекесі туралы әңгімелеп, үлкенді	коммуникативтілік)	С/Мақсаты: Аналар мерекесі туралы ,анаға деген құрметін,балалық сезімдерін сөз арқылы жеткізеді. Аналар еңбегін қадірлеуге тәрбиеленеді.	«Жете ме?» - Суреттегі конжыктар көңілсіз сияқты. - Балалар қараңдаршы, мына жерде неше конжықты көріп тұрсыңдар? - Санайықшы, төрт конжық. - Ал мына бөшкелерді санайық, нешеу екен? - Бөшкелер үшеу. - Қонжықтардың әрқайсысына бөшкенің жеткен жетпегенін қайдан білеміз? - Қонжықтарға бөшкелер жетті ме? - Олар бірдей болу үшін не істеу керек? - Тағы бір бөшке керек. - Қайсысы көбірек: конжыктар ма, әлде бөшкелер ме? - Бірдей болды. Сергіту сәті: «Аю» Қорбаңдаған аюдың Құлпынайы көп екен Теріп - теріп аламыз Қалтамызға саламыз. Екінші аялдама: «Көңілді сандар» - Балалар мына суретте не көріп тұрсыңдар? - Күшіктер. - Санайықшы неше күшік? - Үш күшік. - Ал мына суретте не көріп тұрсыңдар? - Пілдер.
--	---------------------------	--	---

	құрметтеуді түсінеді.				- Неше піл? - Төрт піл. - Беске дейін кім санап береді? - Кері қарай кім санап береді? Үшінші аялдама: «Заттар тобын салыстыру» - Қызыл қарындаш - ұзын, көк қарындаш - қысқа. - Мына доптардың қайсысы көп? - Сары доптар көп, жасыл доптар - аз. - Мына жіптің қайсысы жуан, қайсысы жіңішке? - Ақ жіп - жуан, қара жіп - жіңішке. Төртінші аялдама: «Кім жылдам?» Топтық жұмыс: Бірінші қатар: сандарды құрастырады. Екінші қатар:- геометриялық фигуралардан үй құрастыру. Үшінші қатар:- Бірдей заттарды жапсыру. - Өзін - өзі бағалау: Аю:- Балалар, сендерге көп - көп рахмет! Бүгін сендер әр аялдамадан, сұрақтарға жақсы жауап бердіңдер. Мен сендерге өзімнің дайындаған сыйымды таратамын, осылай сабаққа жақсы қатысып жүріңдер, жарайсыңдар! Аю балаларға сыйлығын таратып, қоштасып
--	-----------------------	--	--	--	---

					шығып кетеді. - Балалар біздің балабақшаға қайтатын уақытымыз болды. Қане жолымыз қысқа болу үшін, жаңағы өткен сабағымызды қайталап барайық. Музыка Тақырыбы: «Аялайық, аналарды бәріміз!» С/Мақсат: ана туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажыратады. музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтайды.
Серуен	Серуенде нені бақыладық, балалардың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын ояту. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1) (Бала үні, бақылау, деректерді тіркеу)				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешу. Жеке бас гигиенасының ережелерін біледі және сақтайды.				
Вариативтік компоненттер, ойындар, дербес әрекет	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1) «Ұйқыдағы аю» 2) «Қоян» (4К моделі)	Педагог жетекшілігімен ойын: Лото «Ертегілер» Вариативтік. Тақырыбы: Б ақша ағаштары Мақсаты: Ертегі тыңдап, оқиганың өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйренеді	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Сұр қоян жуынады»	«Суретті біл» №13 Мақсаты: Балалардың тіл байлығын жетілдіру, елестету қабілетін дамыту. Ойын мазмұны: Бір баланың көзін байлап, алға шығарып, отырған балаларға көкіністі көрсетеді. Отырған балалар сөзбен сипатама береді. Мысалы: пішіні дөңгелек дәмі ашы.	«Жоғарыда-төменде» №16 Мақсаты: «Жоғарыда-төменде, биік-аласа» ұғымдарын түсінуге, байқағыштықты, зейінді, қиялды дамытады.

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Айзереге Сөйлеуді дамытудан «Менің көшем» әңгімесін сурет бойынша әңгімелеуге үйрету	Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Ерболатқа қыпқаламды дұрыс ұстауға үйрету	Жеке баламен жұмыс: Рамазанға Көркем әдебиеттен ертегі кейіпкерлеріне сипаттама беруді үйрету	Нариман мен Әмина Еркін тақырыпта сурет салуға үйрету	Іңкәр мен Асылан Өздерінің сөрелеріндегі киімдерін бүктеп жинауға үйрету
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жеткен жетістігі туралы әңгімелесу. Тұтас бала бейнесі	Баланың бүгінгі жетістігі туралы ата-анасымен әңгімелесу. Тұтас бала бейнесі	Ойын жаттығулары: «Қимылды қайтала» «шар жарылды» Тұтас бала бейнесі	Құрылымдалған ойын: . «Түрлі-түсті жолақтар»	«Жоғарыда-төменде» №16 Мақсаты: «Жоғарыда-төменде, биік-аласа» ұғымдарын түсінуге, байқағыштықты, зейінді, қиялды дамытады.

Бекітемін:

Бастауыш сыныптар жөніндегі

оқу ісінің орынбасары:

Наурыз айының 1 ІІ аптасының 14 - 18 аралығындағы шағын ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: «Табиғаттың гүлденуі

Апталық тақырыбы: « Сат-дәстүрлер және фольклор » (Наурыз 3-апта)

Мақсаты: Қоршаған орта, экологиялық мәдениет негіздері және табиғатқа ұқыпты қарау туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру, балалардың табиғат құндылығы және онда өзін ұстау тәртібі туралы білімін дамыту, балалардың табиғатпен араласудан жағымды тәжірибе алуы, көктемде барлық жаратылыстың көктейтіні туралы білімдерін қалыптасты

Күн тәртібі	Дүйсенбі 14.03.2022	Сейсенбі 15.03.2022	Сәрсенбі 16.03.2022	Бейсенбі 17.03.2022	Жұма 18.03.2022
Балаларды қабылдау.Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балалардың дене температурасын өлшеп, көңіл-күйлерін сұрау. Өрбір ата-анаға денсаулық сауалнамасын толтырту жұмыстарын жүргізу. (Коммуникативтілік)				
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б)	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Қатесін тап» Тактаға ілінген суретпен жұмыс. Смарт мақсаты: Ойлау қабілеті артады. 4К Модель. Сыни ойлау, бала үні)	Педагог жетекшілігімен ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа, дәлдікке үйренеді. 4К Модель.	Еркін ойын 4 К Модель Өз қалаған ойыншықтарымен ойнату	«Тазалыққа не қажет?» №2 Мақсаты: тазалық құралдарымен оларды неге қажет екендігін әңгімелейді.	Құрылымдалған ойын: «Бұл қандай киім?» №20 Мақсаты: Әр киімнің қай уақытта киілетінін айыра отырып оларды сипаттайды. 4 К Модель
Жаттығулар кешені. (Жан-жақты дамытушы жаттығуы)					
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Қай қолымда көп» (4К Модель.)				

Ұйымдастырыл- ған оқу қызметтері	Дене шынықтыру Негізгі қимыл: 1.Негізгі қимыл: «Ұлттық ойындар» С/Мақсаты: ұлттық ойындармен танысады, ойындарды ойнайды. Жаратылыстану. Тақырыбы: Ағаштардың бүршікжаруы»С/Мақсаты: Көктемдегі маусымдық өзгерістермен танысады, ағаштардың гүлдеу ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптасады. Сұрақтар қою: -Ағаш деген не? Оның бөліктерін айтып беріндерші. -Қалай ойлайсыңдар, ағаш тірі ме? Неге? -Орманда ағаштардан басқа тағы нелер өмір сүреді? -Ағаш несімен ерекшеленеді? -Ағаштар бізге не үшін қажет? Балалардың жауаптарын тыңдайды, толықтырады: - Ағаштар-біздің қорғанымыз, ауамызды тазартады, жерімізді көріктендіреді, бізге сая береді. Біз оларды қорғап, күтуіміз қажет. «Қай ағаштың жапырағы? дидактикалық ойыны Ағаштардың (үйеңкі, емен, қайың) суреттері	Дене шынықтыру. 2.Негізгі қимыл: «Наурыз мерекесі келді» С/Мақсаты: сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап бағытты өзгертіп жүгіреді. Музыка Тақырыбы: "Бесік жыры". С/мақсаты: әнді тыңдай отырып, сипатын ажыратады және әнді орындайды.. Ән тыңдау: «Келші, келші балашым» Е.Хасанғалиев. Ән айту: «Қасиетті домбыра» Б.Бейсенова Муз – ырғақты қимыл: «Бипыл» биі Көрнекілік: Бесік, бесік жабдықтары, қуыршақ. Сөздік жұмыс: Бесік Шаттық шеңбер Қуан, шаттан, балақай! Жарқырайды аспанда күн, алақай!	Дене шынықтыру . 3.Негізгі қимыл: «Аяқтың ұшымен жүру. Тапсырмаларды орындау арқылы аялдай отырып жүгіру.» С/Мақсаты: Бастың дұрыс қалпын сақтап, тепе-теңдікті сақтайды. Адымдап жүреді Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Тақырыбы: «Қонақтарға шәй берейік» (байланыстырып сөйлеу) С/Мақсаты: Наурыз мейрамында болатын әрекеттерді атайды. Тағамға қатысты антоним сөздерді дұрыс айтады. Шаттық шеңбері: Білер қазақ баласы, Сәлем сөздің анасы. Бәріне де ізетпен, Біздер сәлем береміз. Ұйымдастырушы ізденуші Гүл шоғы» ойынын ойнату. Мақсаты: балалардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Қолданылуы: Ортада тұрған құмыраға өз есімдерін айтып,	Сурет салу Тақырыбы: «Күн жарқырап, шөп шықты». (с \с) Мақсаты: Қылқаламның ұшымен салу тәсілі арқылы шөптерді бейнелейді.. Әдіс-тәсілдері: Сұрақ –жауап, әңгімелесу, көрсету, түсіндіру, ойын. Алдын ала жүргізілетін жұмыстар: Көктем мезгілі туралы тақпақтар, табиғаттың суреттері ресурстар: үлестірмелі материалдар, қылқалам, бояулар, сүрткіштер Шаттық шеңбер Армысың көк аспан. Армысың жер ана, Армысың атын күн, Армысың балабақша, дос-жаран! -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады? -дұрыс айтасыңдар. -Балалар, ауа райын бақылау үшін терезенің алдына шақырамын. Күн жарқырап тұрғанын, шөптердің өскенін айтамын.	Математика негіздері. Тақырыбы: «Сол жақ – оң жақ. Дөңгелек» С/Мақсаты: оң жағы мен сол жағын ажырата алады. шеңбер – геометриялық пішінін ажыратады Көрнекілік: Қоян, сандық, ашықхат заттардың оң жақ немесе сол жақ екенін көруге болатын суретер, пішіндер қызыл, сары, жасыл. Балалар бізде бүгін ерекше сабақ себебі, біздің топқа қонақтар келіпті, олай болса, өзімізді жақсы жағынан көрсетейік. Жұмбақ. Тәрбиеші жұмбақ жасырады, балалар шешуін табады. – Қоян келеді. – Балалармен амандасалы. – Балалар, тәрбиеші қоянмен амандасалы. Қоянның қолында сандық болады. Қоян мына сандықта не бар, балаларға не әкелді? - деп тәрбиеші сұрайды. Қоян айтады, мен мына сандыққа салып сыйлық әкелдім, менің тапсырмаларымды орындасаңдар сандықты сендерге беріп кетемін, орындай алмасаңдар сандықты бермей алып кетемін дейді. Тәрбиеші: Балалар не істейміз бәріміз бірге қоянның тапсырмасын орындаймыз ба? – Балалар; – ия деп айтады. Қоян: Олай болса менің қолымда
--	---	--	--	--	---

ілінген ширманы немесе панноны қояды. -Біздің ағаштар жалаңаш тұр екен. Сендер олардың жапырақтарын іліп, киіндіре қойыңдар. Әр ағаштың өз жапырағын тауып, жапсыруға тапсырма береді. Өлеңді тыңдайды. Өздерінің өмірлік тәжіри- белеріне сүйене отырып, сұрақтарға жауаптар береді. Тәрбиешінің түсіндірмесін тыңдайды. Ағаштардың жапырағын тауып, жапсырады. Сегізгі сәті Ал енді барлығымыз дөңге айналайық. Кіп- кішкентай тұқымбыз (бүктеліп отырады), Жылыны жақсы көреміз (бастарын сипайды), Көктем шыға тұрамыз (орындарынан тұрады), Жер бетіне шығамыз (жан- жағына қозғалады), Жайып жасыл жапырақ (қолдарын екі жакқа жаяды), Бүршікті біз ашамыз (кең құшақ жаяды). «Көңілді, көңілсіз» дидактикалық ойыны - Балалар, қараңдаршы, ағаштар көңілді және көңілсіз болады екен. Бет-әлпеті салынған екі ағаштың суретін	Атқан таңға, шыққан күнге сәлем беріп, Тілейік бакыт баршамызға осындай. Балалар бүгінгі ауа райы қандай? Жылдың қай мезгілі? Біздің ұлтымыз қандай? Дұрыс айтасыңдар балалар біздің ұлтымыз қазақ, біздің өз салт- дәстүріміз, әдет- гұрпымыз бар. Біз бүгінгі оқу қызметімізде «Бесік жырын» өтеміз. Бесікті кім біледі, бесікке жатып көргендерің бар ма? Дұрыс айтасыңдар балалар аналарымыз бізді кішкене кезімізден бесікке бөлеп ұйықтатар алдында «Бесік жырын» айтқан екен.	қолдарындағы гүлдерін салады. - Балалар бұл не? - Дұрыс айтасыңдар. - Енді не істейміз бұл гүлді? - Балалар сендердің үйлеріңе қонақтар жиі келе ме? - Сендер үйге келген қонақпен қалай амандасасыңдар? Дұрыс балалар, амандасамыз, қал - жағдайың сұраймыз. Үстел басына шақырамыз. - Үстелге не төсейміз? - Дастарқанға не қоямыз? - Тағамдарды неге саламыз? - Ыдыс - аяқтардың қандай түрлерін білесіңдер? Жарайсыңдар балалар, осы ыдыстардың түрлерімен жақын танысу мақсатында біз қазір сендерге күнде дәмді тағам дайындайтын аспазшыға саяхат жасайықшы. - Сәлеметсіз бе аспазшы? - Балалар мен сендерді ыдыс - аяқтардың түрлерімен таныстырамын. Кастроль - ет, сорпа дайындауға арналған	Балаларға иллюстрациялық суреттерді көрсетіп, көктемде табиғатта болатын ерекшеліктерді айтқызамын. Көктемде күн жарқырап шығатынын, айналаның бәрі біртіндеп жап-жасыл түске енетінін, құстар келіп, жан-жануарлар ұйқысынан оянаатынын айтып түсіндіремін. -Балаларға демонстрациялық материалдағы көктемгі күннің аспанда жарқырап шығып тұрған көрінісін көрсетіп, әңгіме жүргізіп, толық талдау жасаймын. -Балалар мына суретке қараңдаршы жарқыраған күн, ұшып жүрген көбелектер мен ара бейнеленген. -Балалар мына суретте не жетпей тұр? - Жасыл шөп Дұрыс айтасыңдар балалар Балалар барлығымыз күн, шөп сөзін үш тілде қайталайықшы күн- солнце-the sun, шөп-трава-grass Содаң соң сурет салуға арналған үлестірмелі материалдарды таратып беремін. Балалар суретімізді салмас бұрын барлығымыз	үш ашықхат бар, яғни үш тапсырма осы үш тапсырманы орындасаңдар, сандықты сендерге қалдырып кетемін деп, үш ашықхатты тәрбиешінің қолына береді. Ол үш түрлі ашықхат болады. (Қызыл, Сары, Жасыл.) Тәрбиеші: Ашықхаттарды алып балаларға көрсетеді, ал балалар тапсырманы орындап сандықты алып қалуға дайынсыңдар ма? Балалар - ия дейді. Олай болса бірінші қызыл ашықхатты таңдайық - деп бір баланы шақырады, Алия келе гой маған қызыл ашықхатты тауып берші дейді. Алия қызыл түсті ашықхатты көрсетеді. Ашықхат- конверт орысшасын айтады. Жарайсың Әлия отыра гой орнына. Тәрбиеші қызыл түсті ашықхатты ашып ішіндегі тапсырманы оқиды. Тәуліктерді ажырата білу. Балалар бұл ашықхатта “сөйлемді аяқта” ойыны деп жазылып тұр екен. Олай болса мен сендерге сұрақ қою арқылы сөйлемнің басын айтамын, сендер жалғасын айтасыңдар, ал олай болса бастаймын. - Сендер балабақшаға қай уақытта, қай мезгілде келесіңдер? - Балалардың жауаптары. - Танертенгі уақытта. - Түскі асты қай уақытта ішесіңдер?
--	---	---	--	---

көрсетеді. Бірі көңілді, бірі көңілсіз. - Біз олардың қай кезде көңілді, қай кезде көңілсіз болатынын табайық. Шығармашылық сәт Балаларды мүсіндеуге отырғызады. - Ормандағы аюдың қарны ашып, ұйқысынан оянып жатыр. Аюға арнап жидектер жасап берсеңдер, жақсы болатын еді. Орманға сендерден сәлемдеме ала барамын. Қоршаған орта. Тақырыбы: «Алғашқы гүлдер» (Бәйшеше С/Максаты: алғашқы көктемгі гүлдер туралы, гүлдерді салыстырады, Сыртқы белгілеріндегі ұқсастық пен айырмашылықты табады. Әдіс – тәсілдері: Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, ойын, ғажайып сәт, сұрақ-жауап, сергіту жаттығулары, жұмбақтар шешу және т.б. Көрнекілігі: Көктем мезгілі туралы суреттер, құстардың суреттері, қызғалдақ гүлінің суреті. Күтілетін нәтиже: Көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы түсінігі қалыптасты. Ұйымдас		үлкен ыдыс. Шәйнек – шай ішуге арналған, оның ішіне сендер күнделікті ішетін сок немесе кисель құюға болады. Таба – жұмыртқа пісіруге, рожки, картоп пісіруге арналған. Тәрелке – дайын тағамды салуға арналған. Кесе – шай ішуге. Қасық – тамақ жеуге. Шанышқы – тамақ жеуге арналған. Қасық тәрелкенің оң жағында, ал шанышқы сол жағында тұруы тиіс. Пышақ – нан кесуге, ет турауға арналған. Пышақты балаларға қолдануға болмайды. Ыдыстардың түрлеріне тоқталу: Құрылымдалған ойын: «Түріне қарай топтастыр» Максаты: балалардың есте сақтау қабілетін арттыру, шапшаңдыққа баулу. Шарты: Үш бала қатысады. Қысқы киімдер, ыдыстар, үй жиһаздарын ажыратып жинау керек. Сергіту сәті: Достар бірге жүреміз, Бірге ойнап күлеміз. Бірге балық аулаймыз, Міне, біздер қандаймыз. Бөлінбейді іргеміз,	орнымыздан тұрып бір сергіп алайық Сергіту сәті. Біз кішкентай баламыз, (қолдарымен өзін көрсетеді) Өсіп - өніп, толамыз. (қолдарын екі жаққа созады) Күнге қарай талпынып, (алға бір қадам жасайды) Көкке қолды созамыз. (барлығы қолдарын жоғары қарай созады) Жарайсыңдар, рахмет балалар. Орнымызға отырайық. Алдымыздағы суретте бейнеленген жасыл шөпті қылқаламды жасыл түсті бояуға батырып алып, оны төменнен жоғары қарай сүйкей жағу тәсілін көрсетемін. Шөптің ұшына қарай жінішкере беретініне балалардың назарын аудартамын. Түп жағын салғанда қылқаламды батырыңқырап, ал шөптің басына қарай қылқаламның ұшымен ғана бояу жағу тәсілін орындап көрсетемін. Шөптерді көбірек салсаңдар суреттегі аралар, көбелектер бізге де қонаққа келеді деп қызықтырып қоямын. к/о: «аралар мен гүлдер» шарты: барлығы орындарында	– Түскі уақытта. – Ал, аналарың-әкелерің сендерің үйлеріңе қай уақытта алып кетелі? – Кешкі уақытта. – Ал, қай уақытта ұйықтаймыз? – Түнде. – Түнде ұйықтаймыз, ал жаттығуды қашан жасаймыз? – Танертен. Ой жарайсыңдар балалар, қандай ақылдысыңдар тамаша. Ал, енді осының бәрін қимылмен көрсетіп берейікші, қимылмен көрсету. – Ой жарайсыңдар балалар, қандай ақылдысыңдар бәрекелді. – Қоянды мақтайды. – Ал балалар осымен бірінші тапсырманы орындадыңдар жарайсыңдар. Енді екінші тапсырманы орындайық. Ол үшін біз сары түсті ашыққатты алып ашайық. Әмина келе ғой маған сары түсті ашыққатты алуға көмектес. Әмина таба алмаса басқа баланы көмекке шақыру. Орысшасын сұрау. Екінші ашыққатты ашып тапсырманы ашып оқу. “Айырмашылығын тап” ойыны. Тактаға екі бірдей сандықтың суретін ілу. Балалар бұл ненің суреті? – Балалар сандықтың. Балалар айырмашылықты таппас бұрын маған айтыңдаршы тамақты қай қолымызбен жейміз? Оң қолдарын көтеру керек, білмесе
---	--	--	---	--

	тырылған оқу қызметі барысы: Мен қазір сіздерге жұмбақ жасырамын. Мұқият тыңдап алыңдар. Қар еріп, Су көбейіп, Сай салаға ағады! Ағаш басы бүршік шашып, Жапырақ ашып, Гүл бәйшешек толады. Балалар, айтыңдаршы, Бұл қай мезгілде болады? Көктем мезгілінде болады. - Көктемде ауа-райы қандай болады? - Жылы болады. Көктем мезгілінде неше ай бар? Үш ай бар. - Қане көктем айларын атаңдаршы? - Наурыз. Сәуір. Мамыр. - Қазір көктем мезгілінің қай айы? - Наурыз айы. Наурыз айында қандай мерекелерді тойлады? - Наурыз айында 8 - наурыз аналар мерекесі, 22 - наурыз Ұлыстың ұлы күні Наурыз тойын тойлады. Көктемнің ерекшелігі: Көктем келді өлкеме, Табиғатым тамаша. Гүл қаптады бөктерді, Нұрға толды айнала. Бүршік жарып ағаштар,		Өрқашанда біргеміз	отырады. Аралар деген кезде орнымыздан тұрып екі қолымызды жайып бір орында ұшамыз. Ал гүлдер деген кезде барлық балалар аралар сияқты гүлге қонып орындарына отырады. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Наурызым, армысың!» өлең) Оразақын Ақын/Максаты: Наурыз мейрамының басқа мейрамдардан айырмашылығын ажырата алады. 22 наурыздан басталатынын, күн мен түн теңелетіні туралы әңгімелеп айтады. Тәрбиелігі: – балаларды қазақ тілін құрметтеуге, ұлттық киімдерді, мерекелерді қадырлеуге тәрбиелеу. Әдіс-тәсілдері: әңгімелеу, сұрақ-жауап. Сабақтың көрнекіліктері: наурызға арналған суреттер, ұлттық киімдердің үлгілері, алаларды шеңберге шақырады. Барлығы қосылып, «Той – той Наурыз» әнін айтады. Шеңбер бойына тұрып, қимылдарын келтіріп, әнді айтады. Ұйымдастыру – злестіру Кіріспе әңгіме. - Қазір жылдың қай мезгілі? - Көктем мезгілінің қандай ерекшеліктерін білесіңдер? - Көктемде болатын қандай мерекелерді білесіңдер? - Дұрыс, тағы бір көктемнің әдемі мересі ол – Наурыз мейрамы. Наурыз деген сөз	көмектесу, ал нанды сол қолымызға ұстаймыз. Яғни мына сандықтарда біреуі он жакта, біреуі сол жакта тұр. Он жактағы сандықта құлып бар, ал сол жактағы сандықта құлып жоқ. Он жактағы сандықтың аяғы бар, сол жактағы сандықтың аяғы жоқ. Неліктен? Балалар айырмашылығын табады. Жарайсыңдар балалар өте жақсы. Қоян да мақтайды. Тәрбиеші: Балалар, бәріміз сергіту сәтін жасап жіберейік. Сергіту сәті: Ұзын құлақ сұр қоян. – Балалар орындарына отырады. – Тәрбиеші әлденді үшінші тапсырманы орындайық. бізде қандай түсті ашықхат қалды? – Балалар, жасыл деп айтады, орысшасын айтады. – Үшінші тапсырманы ашып оқиды. “Шамдарды жақ” ойыны. Тәрбиеші бағдаршам туралы өлең оқиды. – Балаларға сұрақ қояды. – Бұл өлең не туралы? – Балалар, Бағдаршам – светофор деп айтады. – Тактаға бағдаршамның суретін ілді. Сұрақтар қою балаларға. – Суретте неше бағдаршам бар? – Оның неше көзі бар? – Олар қандай геометриялық пішінге ұқсайды? – Олардың түстері қандай? – Балалар сұрақтарға жауап береді.
--	--	--	---------------------------	---	--

Құстар ұя салады. Сылдыраған бұлақтар., Ағып баражатады. Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады? -Көктем мезгілінде күн жылынады. -Қар еріп, жылғалардан су ағады. Туған жерге құстар ұшып келеді. -Ағаштар бүршік жарып, жапырақ жаяды. -Жеміс ағаштары гүлдейді. -Көктем мезгілінде қандай алғашқы гүлдер шығады?Қар ерігеннен кейін жер бетіне бәйшешек гүлі шығады. Жауқазын гүлі, қызғалдақ гүлдері шығады.Көктем мезгілінде қандай құстар ұшып келді?Жыл құстары. (көкек, қарлығаш, торғай, т.б.)Жарайсыңдар, балалар! Педагог жетекшілігім ен ойын.Жапсыру. Қиянды пішіндерден көктемде өсетін қызғалдақ гүлін құрастыру.Мақсаты: Балалардың ой-өрісін дамыту. ойынға деген қызығушылығын арттыру.Шарты: Әр күлтешенің артындағы тапсырмаларды орындай отырып жапсыру.Сергіту сәті:(бейнеэкранға қарап би қимылдарымен сергіту жаттығуының орындайды)Ойын:		парсы тілінен аударғанда «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді екен. 22 наурызда күн мен түн теңеседі, осыдан бастап түн қысқарады, ал күн ұзарады. Бұл күні түрлі ұлттық ойындар ойналып, үлкен қазанға 7 түрлі дәмнен «Наурыз көже» пісіріледі. - Ал енді, мен сендерге Оразакын Асқар деген ағамыз жазған «Наурызым, армысың!» өлеңін оқып берейін. Оразакын Асқар 1935 жылы 16 мамырда дүниеге келген. Оразакын ағамыз балаларға арнап «Балаларым бақытым» атты кітабын шығарған. Өлеңді мәнерлеп оқу. Наурызым, армысын! Наурызым , армысын! Ата – бабам тойлаған,Наурызым, армысын! Қызығына тоймаған, Дарқан дала, қарлы шын. Қауыша алмай қанша жыл, Қалдық сенен адасып, Төрле, есіктің бәрі ашық. Мерекені байырғы Алды халқым қабылдап. Ақ дастарқан жайылды, Ошақта от жалындап. Сұрақ – жауап арқылы әңгімелеу. - Осы оқыған өлең шумақтарында не жайлы айтылған? - Өлеңді кім жазған? - Сендерге өлең ұнады ма? Сергіту сәті: Кел, балақан, балақан, Шапалақта алақан: жай – жай – жай. Қозғап барлық денені, Қаттырақ соқ қолды енді: сарт – сарт – сарт. Айтқан кезде өлеңді, Ақырын	– Балалар бағдаршамның көздері сөніп қалыпты. Енді оны түрлі-түсті жапсырмалардың көмегімен жағуымыз керек. – Бағдаршамға көздерін жағуға көмектесеміз бе? – Онда тәрелкедегі дөңгелектерді алып, бағдаршамның көздерін жағайық. – Балалар бағдаршамның көздерін жапсырады. Тәрбиеші: жарайсыңдар балалар деп мақтайды, кей балаларға жекеленген көмек көрсетеді. Қоян тапсырмаларды орындағаны үшін мақтап, сандықты беріп қоштасып кетеді!Музыка Тақырыбы: "Наурыз – жыл басы". С/мақсаты: күйлі тыңдай отырып, сипатын түсінеді. Салт дәстүрлік әннің айтылу ерекшелігін байқайды. музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасайды.
--	--	---	---

	Жаксы межама Максаты:Жаксы касиет болса колдарын шапалактайды, жаман касиет болса тыныш отыру. 1) Көшет отырғызу. 2) Ағаштарды сындыру. 3) Құстарға жем шашу. 4) Құстың ұясын бұзу. 5) Ағаштарға су құю. 6) Гүлдерді жұлу. 7) Құстарға ұя жасау. (Ойын ойнайды) Балалар колдарын Шапалактайды. Шапалактамайды?			бас еденді: жай – жай – жай. Өлеңді кайталап, мәнерлеп оқып, жаттатады. - Мереке деген орысша «праздник», ал ағылшын тілінде « holiday» (холидэй) «Гүл құрастыру» ойыны Шарты: Әр бала өзіне ұнаған түстерді таңдап, гүл құрастырады.	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Желді бақылау Серуенде нені бақылады, балалардың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын ояту. Ауа райы калпы: жел соғып тұр, өте жылы (сыртқы сипатына қарай), оның бағыттарын анықтап, балалардың байқағыштығын дамыту. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1)(Бала үні, бақылау, деректерді тіркеу)				

Серуеннен оралу					
Балалардың реттілікпен киімдерін шешу. Жеке бас гигиенасының ережелерін біледі және сақтайды.					
Вариативтік компоненттер, ойындар, дербес әрекет	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1) «Ұйқыдағы аю» 2) «Қоян» (4К моделі)	Вариативтік компонент «Бір уыс мақта «ертегісі»/Мақсаты: Мақта туралы білімін арттыру Есте сақтау қабілетін дамыту Кез келген затты ысырап жасамай пайдаға жарту... әрқашанда көмектесе білу.	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Сұр қоян жуынады»	«Суретті біл» №13 Мақсаты: Балалардың тіл байлығын жетілдіру, елестету қабілетін дамыту. Ойын мазмұны: Бір баланың көзін байлап, алға шығарып, отырған балаларға көкіністі көрсетеді. Отырған балалар сөзбен сипаттама береді. Мысалы: пішіні дөңгелек дәмі ащы.	«Жоғарыда-төменде» №16 Мақсаты: «Жоғарыда-төменде, биік-аласа» ұғымдарын түсінуге, байқағыштықты, зейінді, қиялды дамытады.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Айзереге Сөйлеуді дамытудан «Менің көшем» әңгімесін сурет бойынша әңгімелеуге үйрету	Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Ерболатқа қылқаламды дұрыс ұстауға үйрету	Жеке баламен жұмыс: Рамазанға Көркем әдебиеттен ертегі кейіпкерлеріне сипаттама беруді үйрету	Нариман мен Әмина Еркін тақырыпта сурет салуға үйрету	Іңкәр мен Асылан Өздерінің сөрелеріндегі киімдерін бүктеп жинауға үйрету
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жеткен жетістігі туралы әңгімелесу. Тұтас бала бейнесі	Баланың бүгінгі жетістігі туралы ата-анасымен әңгімелесу. Тұтас бала бейнесі	Ойын жаттығулары: «Қимылды қайтала» «шар жарылды» Тұтас бала бейнесі	Құрылымдалған ойын: «Түрлі-түсті жсолақтар»	«Жоғарыда-төменде» №16 Мақсаты: «Жоғарыда-төменде, биік-аласа» ұғымдарын түсінуге, байқағыштықты, зейінді, қиялды дамытады.